

СоФы СМАТАЕВ

ҒӨТІЛАЗ

Халқымыздың ардақты азаматы, ұлағатты ұстазы Хасен Сәрінжіпұлының туғанына биыл тура жүз жыл толылты. Жаралған топырағымыз, нәр алған бұлағымыз, жар салған ұранымыз бір болған асыл ағаға деген құрметімді өлеңмен білдіріп отырмын.

Автор.

Белбаласы атақты Сәрінжіптің,
Өлең сөздің тумастан нәрін жұттың.
Жарысқанның бәрінен озып шығып,
Алысқанның аямай бәрін жықтың.

Бөлек едің,
ерек ең тегіңменен,
Бесігіңе ұыз боп тегілді өлең.
Содан болар жаныңның жайсаңдығы,
Содан болар рухың жеңілмеген.

Ұрпағысың Далаңның -кәрі шалдың,
Жалаңаяқ желімен жарыса алдың.

Топырағынан жаралдың
Сарыарқаның,
Алладан һәм молдадан дәріс алдың.

Бір өзіне мейірі аударылған,
Дәріс алдың далаң мен тауларыңнан
Бала көңіл ұмтылып даналыққа
Көкірегіңе үміт боп жауған ұран.

Маңдайға ерін тигенде,
арқаңа Күн,
Шолдың көзбен өмірдің әр тарабын.
Алақанға салып ап әлдиледі
Төрт кластық біліммен Қарқаралың.

Өрге сүйреп мақсат пен мұраттарың,
Өмір жолын келмеді құр аттағың.
Сүрлеуімді даңғылға жеткізсем деп,
Қарағанды тауыстың рабфағын.

Кешегіден үңілсем бүгінге мен,
Нар тұлғанды көремін бүгілмеген.
Жүрегіңді естимін дірілдеген,
Тілегіңді естимін дүрілдеген.
Іздеріңді байқаймын кідірмеген,
Сөздеріңді ұғамын мүдірмеген.
Сембаев боп, Машанов, өзің болып
Үнің қалды кеудемде күмбірлеген.
Бірге оқыған, бір ұшқан егіздерім,
Білім қуған мықты еді-ау негіздерің.
Қараңғылық көгіне күн боп жанып,
Суиіндірген халқыңа ем іздеуің.

Жыр мен күйді жүректен төкті ата мың,
Жалғастырып жақсы ісін текті атаның.
Тас мектебін салғызып ауданыңа,
Ауыздардан ауызға кетті атағың.

Шәкіртерге жаныңның нәрін идің,
Ауыр зілді көтерді қалың иінің.
Ұстаз атын шығардың ұшпағына,
Өз қолынан орден ап Калининнің.

Ел жұртыңның айналып сырласына,
Адалдықты шығардың шың басына.
Иінің халқыңнан қарыз артып,
Иығына ағайын жүрді асыла.
Саған қарап шәкірттер қиялдаған,
Жанарыңнан,
жаныңнан күй аулаған.
Сенен тапса тауларым асқақтықты,
Сенен алған кеңдікті қиян далам.
Төтеп беріп тірліктің дауылына,
Сыйлы болдың халқыңа, қауымыңа.
Сені іздейді ағайын,
ел іздейді
Кетсеңдағы келместің ауылына.
Туған жердің құрмет қып асылына,
Сені аңсайды кәрісі, жасы мына.
Бір мектепке атыңды беріп салып,
Шашу шашар ғұмырлық ғасырыңа.
Асып-тасып сыймастан жер кекке
мен,
Аюлыма,
бұл тойға сен деп келем.
Біліміңмен еліңе шуақ құйған,
Білігіңмен жеріңе өрнектеген.
Көп болса да арадан кеткеніңе,
Қайта оралдың халқыңа,
Шетке міне.
Тілегімді ұшырдым көк аспанға,
Кеңлімнің қондырып кептеріне!

Заман.- 2004.- 2 қазан (№39).- 2 б.